ДАҢҚТЫ ТҰЛҒАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ – 450 ЖЫЛ!



ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ



№93
(2471)
Сейсенбі
10 қараша
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды есімі ел тарихымен біте қайнасқан даңқты қолбасшы, мемлекет қайраткері, батыр әрі көрнекті тұлға - Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлының туғанына 450 жыл толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ тарихы – ел тағдыры сынға түскен алмағайып кезеңдерде халықтың бірлігі мен азаттығы жолында күрескен батырлар мен қайраткерлердің өнегелі өміріне толы. Сол біртуар тұлғалардың бірі -Сыр бойынан шыққан, есімі қазақ тарихында ғана емес, бүкіл Орталық Азияның саяси-әскери шежіресінде айрықша орын алатын Сейітқұлұлы Жалаңтөс Баһадүр.

Жалаңтөс Баһадүр – XVII ғасырдағы қазақ даласының қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған тарихи тұлға. Ол өзінің қолбасшылық қабілетімен, ел басқарудағы көрегендігімен, қайсар мінезімен, парасатты болмысымен танылып, тұтас бір дәуірдің тарихи оқиғаларына ықпал еткен қайраткер ретінде тарихта қалды.

Баһадүрдің өмір жолы – елдік пен ерліктің, бірлік пен берекенің, туған жерге деген адалдықтың жарқын үлгісі. Ол күрделі кезеңдерде ел мүддесін бәрінен биік қойып, саяси-әскери қызметімен қатар, мәдениет пен руханияттың дамуына да айрықша үлес қосты. Самарқанд қаласындағы Регистан алаңында бой көтерген сәулет өнерінің жауһарлары оның есімін Орталық Азия өркениетінің тарихымен сабақтастыра түседі.

Жалаңтөс Баһадүрдің тарихи тұлғасын ұлықтау, оның ел алдындағы еңбегін кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттау – баршамызға ортақ міндет. Өйткені ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі ұлттың тарихи жадын қалыптастырып, жас ұрпақтың бойында отаншылдық рух пен елдік сананы нығайтады.

Сыр өңірі – Жалаңтөс Баһадүрдей даңқты тұлғаны дүниеге әкелген қасиетті өлке. Сондықтан да баһадүр есімін ұлықтау, оның мұрасын сақтау мен дәріптеу бағытындағы жұмыстар өңірімізде әрдайым айрықша маңызға ие.

Қазалы ауданында ұлы қолбасшының есімін ұлықтау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Ауданымыздағы елді мекен мен көшелерге, орталық стадионға Жалаңтөс Баһадүр есімінің берілуі – баба рухына көрсетілген құрметтің айқын көрінісі.

2016 жылы баһадүрдің 440 жылдығына орай аудан орталығындағы көшелердің бірінде кесене бой көтерсе, 2021 жылы 445 жылдық мерейтойы аясында Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында ұлы қолбасшыға арналған биіктігі 12 метрден асатын еңселі ескерткіш орнатылып, абаттандырылған алаң ел игілігіне берілді. Бүгінде бұл орын – тарихи тұлғаға тағзым ететін, өскелең ұрпаққа тағылым беретін рухани нысандардың бірі.

Биылғы 450 жылдық мерейтой – Жалаңтөс Баһадүрдің тарихи мұрасын терең зерделеп, оның ел алдындағы еңбегін кеңінен танытуға мүмкіндік беретін маңызды белес. Осы мерейтой аясында ұйымдастырылып жатқан ғылыми-танымдық конференциялар, мәдени іс-шаралар мен жыраулар фестивалі баба мұрасына деген құрметтің жарқын көрінісі болып табылады.

Мерейтойдың негізгі мақсаты – тарихи тұлғаның есімін ұлықтаумен ғана шектелмей, оның өмір жолы мен елдік мұратын бүгінгі ұрпаққа өнеге ету. Жалаңтөс Баһадүрдің қайраткерлік болмысы мен ерлік жолын зерделеу арқылы жас буынның туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық тарихымызға деген құрметін нығайта түсеміз.

Қадірлі ағайын!

Жалаңтөс Баһадүр – халқымыздың тарихи жадында мәңгі сақталатын, есімі ғасырлардан ғасырларға жалғасатын ұлы тұлға. Оның ерлік жолы, елдік мұраты мен қайраткерлік өнегесі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның ұрпағы үшін де құндылығын жоғалтпайды.

Осы айтулы мерейтой халқымыздың тарихи санасын жаңғыртып, ұлттық рухымызды асқақтататын, ел бірлігі мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын тағылымды мерекеге айналсын!

Ұлы бабамыздың есімі ұлықталып, өнегелі өмірі мен өшпес мұрасы ұрпақ жадында мәңгі сақталсын!

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық тілеймін!

Бірлігіміз берік, елдік мүдде жолындағы істеріміз баянды болғай!

Мерейтой құтты болсын!

Құрметпен,
Қазалы ауданының әкімі
Алмасбек ЕСМАХАНОВ

БАҺАДҮР БАБА ЖАЛАҢТӨС СЕЙІТҚҰЛҰЛЫ



Бүкіл түркі халқының мақтанышына айналған қазақтың әйгілі батыры, аса көрнекті қолбасшы Жалаңтөс бабамыз XVI-XVII ғасырларда ғұмыр кешкен. Ол кісі тек қолбасшы ғана емес, кемел ойлы көсем, көреген саясаткер. Бабаның арғы атасы Ораз Әмір Темірдің бас кеңесшісі болған. Нұрата тауларын жайлаған, көшіп-қонып жүрген 40 мың үйлі Алшынға хан болды деген аңыз-әңгімедегі Сейітқұл – Жалаңтөстің әкесі. Сейітқұл 40 мың Алшынның басын біріктірген, ірі бай, ықпалды қажы. Қарадан шығып хан болған, әрі батыр, әрі от ауызды, орақ тілді шешен адам. Міне, осындай ұлы адамнан дарынды батыр дүниеге келген. Жалаңтөс батыр «Олчин Ялангтуш» баһадүр деген атпен де белгілі. Өзбектердің «Олчин» деп айтатыны, кіші жүздің басты руы Алшыннан бастау алады.

Атақты әскербасы Жалаңтөстің тарих сахнасына шыққан мерзімі Алтын Орда мен Әмір Темір империяларының ыдырап, ежелгі қыпшақ сахарасында алты алаштың ерекшеленген кезеңі еді. Бұл кезде қызылбастар билеген Иран, енді күш ала бастаған орыс патшалығы Тұран ойпатына көз сала бастаған. Сондай-ақ, шығыста Жоңғар мемлекеті бой көтере бастады. Жер мен байлыққа таласқан елдер қазақ халқының келешегіне үлкен қауіп төндірді.

Жалаңтөс батырдың азан шақырып қойған есімі Әбдікәрім. Кейін оның «Жалаңтөс» деген жанама ат алып кетуіне бірнеше жәйт себеп болған. Мұның бірі анасы Ақтұмардың көкжал қасқырдың етіне жерік болуына байланысты болса, екіншісі, батырдың жауға шапқанда үстіндегі сауытын шешіп тастайтын буырқанған мінезімен шендестіріледі.

Жалаңтөстің бала кезінде, яғни 1581 жылы әке әулеті Бұқара аймағындағы Нұрата тауының етегіне барып қоныстанады. Бұған екі түрлі жағдайдың түрткі болғаны айтылып жүр. Біріншісі, Сейітқұлды Шығай хан Самарханға арнайы шақырған. Екіншісі, қызылбастардың шапқыншылығынан қауіптенген Шахрух Сейітқұлға жанында болуды ұсынған.

Әкесі Сейітқұл баласын 12 жасқа келгенде Тамды-Қызылқұм қазақтарының ханы Дінмұхамедтің орда қызметіне береді. Осы ортада жүріп Әбдікәрім өзінің ақыл-парасатымен, батылдығымен ерекше көзге түскен. Кейін ол «Аталық» деген лауазымға қол жеткізеді. 1612 жылы Самархан қаласы мен уәлиатының әмірі атанып, осы билікті өмірінің соңына дейін, яғни 1656 жылы бақилыққа аттанғанша уысында ұстайды. Баһадүр өз өмірінде 42 рет жекпе-жекке шығып, соның бәрінде дұшпанын жер жастандырғаны мәлім.

(Басы. Соңы 2 бетте)

БАҺАДҮР БАБА ЖАЛАҢТӨС СЕЙІТҚҰЛҰЛЫ

(Соңы.Басы 1 бетте)

1643 жылы Есім ханның баласы, әз-Тәукенің әкесі, дарынды қолбасшы Жәңгір хан мен Жоңғар хандығының негізін қалаған Батыр, яғни Ойраттың Шорос тайпасынан шыққан Эсен ханның баласы, Эсмун Дарханның ұрпағы арасында ұлы шайқас болғаны тарихтан белгілі. Ол тарихқа «Орбұлақ шайқасы» деген атпен енген.

Қазақтардың жоңғарлармен шайқаста Орбұлақты таңдауы тегін емес. Түйенің өркешіндей Қосқолаң тауының арасындағы жықпыл Қызылқияға барып ұштасады. Ордың оңтүстік беткейінде өзен ағып жатыр. Осы жердегі жіңішке мойнақ бүркемеленіп жауға бөгет болады. Орбұлақ – ашамай тар қолтық. Осы жердегі шайқастың тағдырын шешкен Жалаңтөстің 20000 әскермен келуі.

Жалаңтөс батыр 10 күн жүріп Орбұлаққа жеткен кезде Жәңгір хан 600 қолмен екі сай арасын ұтымды пайдаланып, ор қазып (окоп) Батур әскерін өткізбей тұрды. Жалаңтөс 2 шақырым кейін шегініп, соғыс алаңын кеңейтті. Мақсат Батурды жазық алаңға шығарып, шешуші шайқасқа кірісу. Бұл шайқаста Жалаңтөс «Үш тоғыс» соғыс тактикасын пайдаланды. Үш қатар 6 мыңнан әскерін орналастырды.

Соғысқа бірінші қатардағы 6 мың қол кірісіп, бие сауымға дейін шайқасты. Оларды қайтарып екінші қатардағы әскерді майданға шығарды. Олардан кейін үшінші қатар соғысқа араласты. Осылайша қатарлар ауысып, кезекпе кезек жоңғарларға соққы берді. Батурдың әскерінің тынығуына мұрша бермей, әбден титықтатты.

Жалаңтөс! Жәңгір! – деп ұрандатқан қазақтар жоңғарлардың есін шығарып, құтын қашырады. Олардың арасына сұғына еніп, қырғынды салады.

Жалаңтөс баһадүр ат үстінде жайбарақат көрінгенмен мығым отыр. Батур оң қапталдан шыға келгенде таңданғандай кейіп байқатты. Оның да өзін іздейтінін ішкі түйсікпен сезіп отырған. Тіпті, шайқасты осы жекпе-жек шешуі де мүмкін.

Екі батыр бір мезгілде қылыштарын қынынан суырып алғанда ауада күннің кешкі шапағындай жарқыл пайда болды. Содан небір айла-тәсілді пайдаланып, қылыштасты дерсің. Сүт пісірім уақытта қонтайшының қары тала бастады, ал Жалаңтөс болса әлі сыр берер емес. Қайта әруақтанып, күш алып бара жатыр ма, қалай. Батурдың қарудың ізі түспеген қалқаны шытынады. Кенет сол қолына жанамалай тиген қылыштан қарының ауырсынғанын ғана сезді, артынша тиген соққыдан аттан аударылып түсті.

Қонтайшының аттан құлағанын көрген жоңғарлардың үрейі ұшып кетті. Оны құтқаруға ұмтылғандар найзаға ілікті. Бұл кезде олар екі бүйірден қыспаққа алынған еді. Осылайша қонтайшы батырының тіке шабуылға шығып Орбұлақты жарып өтеміз деген жоспары іске аспады.

Бірінші Салқам Жәңгір әскерімен шайқаста-ақ жоңғар он мың әскерінен, Жалаңтөс әскерімен шайқаста он мың жауынгерінен айрылды. Осылай әскерінің жартысынан айрылған Батур келісімге шақырды. Келісім бойынша Батур қолға түскен қырғыздарды, қазақтарды, мал-мүліктерді Жалаңтөске қайтаруға мәжбүр болды. Батурдың келісіміне наразы болған Нояндар отыз мың әскеріміз бар, соғыса берейік дегенде қонтайшы «Әй, ақымақ Жалаңтөстің соғыс тәсілін көрдіңдер ме. Егер осылай соғыса берсең, бірнеше күннен кейін сені мен мен екеуміз қаламыз»,- депті

Орыс тарихшысы А.И.Левшин «Орбұлақ шайқасында» жоңғарларды Жалаңтөс батырдың жиырма мың қолының арқасында жеңді»,- деп жазады.

Жалаңтөс сол кезде ең шиеліскен оқиғалар мен шешуші шайқастардың жуан ортасында болып ақылымен, ерлігімен төңірегін тәнті етті.

Жалаңтөс баһадүр мемлекетті басқарумен, соғыс өнерін өркендетумен қатар сәулет өнеріне, оқу-білімге де ерекше назар аударған. Бабамыздың артында қалдырған өшпес мұрасы – Самарқан шаһарындағы ғажайып ғимараттар. Ол Самарқанды қайта құру жұмысын Орталық Регистан алаңын қалпына келтіруден бастаған. Әмір Темірдің немересі Ұлықбек салдырған медресенің қарсы алдынан Шер-Дор (Арыстан қақпа) медресесінің алғашқы кірпішін 1620 жылы қалаттырып құрылысты 1636 жылы аяқтайды. Оның бастамасымен “Тілла-Қари” медресесі салынған. Жалаңтөс баһадүрдің салдырған Шер-Дор медресесі қазір мұражай болып жұмыс істеп тұр.

Жалаңтөс би тұрғызған тағы бір медресе Самарқан қаласының маңындағы Дағбит қышлағында Саид-Ахмет Мақсұм Ағзам әулиенің кешенінде әлі күнге мешіт ретінде жұмыс істейді. Бірнеше рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Алайда, Жалаңтөс батыр салдырған құрылыстың бір ұстыны (колонна) сақталған. Ал, батырдың өзі осы ұстазының аяқ жағын ала (өз өсиеті бойынша), Ауғанның, Иранның, тағы басқа Орта Азия елдерінің шахтарымен қатар жерленген. Жалаңтөс ұстазының қасында жерлейтін жер қалмағандықтан, кешенге кіреберісте жерленген. Орнын өзі көрсеткен екен.

Бабамыз өз кезіндегі саяси-әлеуметтік оқиғаларға белсене араласып, белгілі дәрежеде ықпалын жүргізіп отырған. Себебі, ол кездің саяси-әлеуметтік жағдайы мейлінше күрделі болған. Міне, осындай алмағайып, аласапыран кезінде Жалаңтөс баһадүр әбден жетіліп, сол кездің саяси-әлеуметтік жағдайына тегеурінді ықпалын жүргізген әйгілі жиһангер, ұлы қолбасшы, көреген стратег, білікті мемлекет қайраткері ретінде тарих сахнасына шықты. Ең шиеленісті оқиғалар мен шешуші шайқастардың ортасында болып, ақылымен, ерлігімен төңірегін тәнті етті. Талай рет қан майданда жекпе-жекке шығып, жойқын ерліктер көрсетіп, сахара сарбаздарының арасында зор беделге ие болды. Орта Азия халықтарының өміріндегі тарихи шешуші шайқастарда Жалаңтөс аса көрнекті қолбасшы ретінде танылды. Қазақ пен өзбек жеріне шабуыл жасаған қалмақ ханы Батурға, Жетісу өлкесіне басып кірген жоңғар әскеріне, Хорасан мен Балх үшін Иран патшалығына, Кабул мен Мешхед әскерлеріне қарсы жүргізілген ірі шайқастардың бәріне Жалаңтөс қолбасшылық жасап, үнемі жеңіс туын желбіретіп отырды. Сөз жоқ, мұндай жеңістердің қай-қайсысы да Қазақ хандығының еңсе көтеруіне, қазақ халқының ұлт болып ұйысуына тікелей ықпалы болды.

Академик М.Е.Массонның айтуынша, жеңімпаз Жалаңтөс батырға сырттан келген сый-сияпаттардың мөлшері мемлекетке түскен қазына байлығынан асып түскен. Ол осы байлыққа әскер ұстаумен қатар сәулетті сарайлар, медреселер тұрғызған. Сөйтіп, Жалаңтөс қолбасшы Самарқан шаһарын оның атырабын қырық жылдан астам билеген. Қазақ пен өзбек «өзіміздің қамқор баһадүріміз» деп құрмет көрсеткен.

Ресей тарихшысы П.Иванов өзінің «Орта Азия тарихының очерктері» деген кітабында: «Абдуләзиз ханның аталығы Ялантуш би XVII ғасырда Ұлы Моғолдарға (Индия) қарасты болған Кабул қаласының төңірегіне және Иранның Хорасан аймағына жойқын шабуылдар жасады. Көптеген тұтқындар алып қайтты. Оның иелігінде 3000-дай құл болды. Сол құлдардың күшімен Самарханда медреселер тұрғызды»,- деп жазды. Жалаңтөстің сол жорықтары негізінен Хожамқұлибек Балхидың 1722-1725 жылдары жазған «Тарихи қыпшақи»,- деп аталатын еңбегінде де баяндалған.

Ұлы моғолдарға қарсы күресуге өз күші жетпейтінін түсінген Абдуләзиз хан және басқа да өзбек шонжарлары Ташкент, Самарқан айналасындағы қазақ сұлтандарынан көмек сұрайды. Бір лек (100 мың) қазақ жасағымен толықтырылған үлкен қолмен Абдуләзиз хан мен Жалаңтөс батыр жорыққа шығып, ұлы моғолдар әскерін қырғынға ұшыратып қуады. Көп тұтқын және олжа қолға түседі. Міне, осы жорықта Жалаңтөс батырдың қолбасшылық қабілеті, ерлігі айрықша бағаланады.

Қадырбек БЕКЕТОВ,
Ардагер ұстаз,
Қазақстан
Журналистер
одағының мүшесі

БАБА ТАРИХЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ



Жалаңтөс Баһадүрдің 450 жылдығы – өткенге тағзым ғана емес, бүгінгі ұрпаққа тағылым.

Туған жердің тарихын білу – әр адамның азаматтық парызы. Өйткені біз өмір сүріп отырған өлкенің әрбір қырқасы мен жотасының, әрбір тарихи атауы мен шежіресінің астарында талай тағдыр, талай өмір, талай ерлік жатыр. Сол тарихты түгендеп, елге еңбегі сіңген тұлғаларды ұлықтау – өткенге деген құрмет қана емес, келешек алдындағы жауапкершілік.

Қазалы топырағы – тарихы терең, тағылымы мол өлке. Бұл жерден елдің сөзін сөйлеген шешен де, қол бастаған батыр да, ұлттың рухани өміріне үлес қосқан талай қайраткер де шыққан. Солардың ішінде есімі қазақ тарихында айрықша аталатын Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлының орны бөлек.

Биыл даңқты қолбасшының туғанына 450 жыл толып отыр. Төрт жарым ғасыр бұрын дүниеге келген тұлғаның есімі бүгінге дейін ұмытылмай, ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді. Бұл – оның тарихи тұлғасының ғана емес, ел жадында сақталған ерлік пен елдік қасиеттің де көрінісі.

Жалаңтөс Баһадүр 1576–1656 жылдары өмір сүрген. Тарихи деректерде оның Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген Төртқара елінен шыққаны айтылады. Шежіре бойынша, ол – Сейітқұл бабаның ұлы. Ал Сейітқұлдың үлкен ұрпағы Ақшадан тараған Бәйбек – әйгілі Әйтеке бидің атасы. Осылайша, ел аузындағы шежіре Жалаңтөс Баһадүр мен Әйтеке биді бір әулеттің өкілдері ретінде байланыстырады.

Бір әулеттен ел басқарған би мен қол бастаған баһадүрдің шығуы да ойландырмай қоймайды. Бірі әділ сөзімен, парасатымен танылса, екіншісі қайратымен, әскери дарынымен ел тарихында із қалдырды. Бұл – атадан балаға жалғасқан өнегенің, елдікке қызмет етудің мәнін көрсететін тағылымды тарих.

Жалаңтөс Баһадүрдің есімі тек қазақ даласына ғана емес, Орта Азия тарихына да белгілі. Оның Самарқан қаласының саяси өміріндегі орны, Регистан алаңындағы әйгілі сәулет құрылыстарына қосқан үлесі тұлғаның жанжақты болмысын танытады. Демек, біз сөз етіп отырған адам тек жаугершілік заманда қол бастаған батыр емес, мемлекет ісіне араласқан, мәдениет пен өркениеттің дамуына да ықпал еткен қайраткер.

Осындай тұлғаның туған өлкемізбен байланысы – жергілікті жұртшылық үшін үлкен мақтаныш. Алайда сол мақтаныштың қадірін қаншалықты түсініп жүрміз? Бүгінгі жас буын Жалаңтөс Баһадүр туралы не біледі? Оның есімін естігенде тек батырдың бейнесін елестете ме, әлде оның артында тұрған тұтас бір дәуірдің тарихын, ел алдындағы жауапкершілігін де сезіне ме?

Мерейтойдың мәні де осындай сауалдарға жауап іздеп, тарихи тұлғаның өмір жолын бүгінгі ұрпақтың танымымен сабақтастыра білуде жатыр.

Қазір жастардың алдында мүмкіндік те, таңдау да көп. Ақпарат ағыны күн сайын өзгеріп, түрлі бағыттағы дүниелер олардың назарын өзіне аударып отыр. Осындай кезеңде жас ұрпақтың туған жерінің тарихынан алыстап кетпеуі аса маңызды. Себебі, өз тамырын танымаған адам елінің қадірін терең сезіне алмайды. Ал туған жерінің тарихын біліп өскен жас оның әрбір жетістігіне бейжай қарамайды.

Жастарға батырлар туралы айтқанда, тек олардың соғыстағы ерлігін жеткізумен шектелуге болмайды. Жалаңтөс Баһадүрдің өмірі арқылы елге қызмет етудің, қиын кезеңде жауапкершілікті мойынға алудың, табандылық пен қайсарлықтың мәнін түсіндіру қажет.

Бүгінгі заман жастары үшін батырлықтың өлшемі басқаша болуы мүмкін. Қазір ел қорғау тек қолына қару ұстаумен шектелмейді. Білім алу, ғылымға ұмтылу, адал еңбек ету, туған жердің дамуына үлес қосу, қай салада жүрсе де өз ісінің шебері болу – қазіргі ұрпақтың ел алдындағы міндеті. Кешегі баһадүрлер елінің амандығы үшін күрессе, бүгінгі ұрпақ сол елдің ертеңі жарқын болуы үшін еңбек етуі керек.

Осы тұрғыдан алғанда, Жалаңтөс Баһадүрдің 450 жылдығы – жастарға бағыт-бағдар беретін үлкен мүмкіндік. Бұл мерейтой аясында мектеп оқушылары мен студенттер арасында тарихи зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тағылымды кездесулер ұйымдастырылып, батырдың өмір жолы туралы тың деректер кеңінен насихатталса, оның тәрбиелік мәні әлдеқайда арта түсер еді.

Әсіресе Жалаңтөс Баһадүрдің бүгінгі ұрпақтары Қазалы жерінде өмір сүріп жатқанын ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстардың маңызы тіпті ерекше. Бабадан тараған ұрпақ пен сол бабаның тарихына қызығатын жас буынның жүздесуі, шежіре мен тарихи деректердің сабақтастығы жастардың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттырары сөзсіз.

Кейде ұлы тұлғаларды ұлықтау дегенді ескерткіш орнату, көше атауын беру немесе мерейтойлық жиын өткізумен байланыстырамыз. Әрине, мұның бәрі қажет. Бірақ одан да маңыздысы – сол тұлғалардың есімі жас ұрпақтың жүрегінде сақталуы. Жас ұрпақ Жалаңтөс Баһадүрдің кім болғанын біліп қана қоймай, оның өмірінен үлгі алып, батырдың ел алдындағы еңбегін түсініп өссе, сонда ғана тарихи тағылым өз мақсатына жетті деуге болады.

Осындай тарихи тұлғалардың есімі тек мерейтой қарсаңында ғана жаңғырып қоймай, күнделікті тәрбие мен білімнің, қоғамдық сананың ажырамас бөлігіне айналуы қажет. Өйткені ұрпаққа өткеннің тарихын таныту мен қатар, сол тарихтан туындайтын жауапкершілікті де аманат ету маңызды.

Жалаңтөс Баһадүрдің 450 жылдығы – өткенге тағзым ететін ғана емес, бүгінгі ұрпақтың тарихи санасына ой салатын маңызды белес. Бұл мерейтой әрбір жасқа туған жерінің тарихын танудың, бабалар мұрасын құрметтеудің және ел болашағына үлес қосудың мәнін ұғындыруы тиіс.

Бабаларымыздың ерлігі бізге өткеннің естелігі болып қана қалмауы керек. Ол – бүгінгі ұрпаққа жігер беретін күш, ертеңгі күнге бастайтын бағдар. Өз тарихын құрметтеген ұрпақ өз болашағына да жауапкершілікпен қарайды.

Ендеше, Жалаңтөс Баһадүрдің есімін ұлықтау – бір күндік мерекенің міндеті емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын елдік аманат.

Мирамкүл ШАМШАЕВА,
«Тұран-Қазалы» газетінің меншікті тілшісі

АУЛЫМЫЗҒА БАТЫР БАБА ЕСІМІНІҢ БЕРІЛГЕНІН МАҚТАН ТҰТАМЫЗ

Жалаңтөс батыр аулының тарихы ертеден тізгін тартады. Аға буын аталарымыздың ерлік істері Ұлы Отан соғысы кезінде көптің назарына ілінді. Сол кезде «Қызылту» деп аталатын ұжымшардың төрағасы Қашақбай Пірімов танк жасау қорына 100 мың сом ақша беріп, бұл істе көпшілікке мұрындық болды. Қ.Пірімовтың бастамасымен танк жасау қорына «Жалаңтөс» ұжымшарының төрағасы Мәшенбаев Бермахан 100 мың сом, «Қызылту» ұжымшарының звено жетекшісі Сухан Олжанов 30 мың сом және 400 пұт астық, осы ұжымшардың бригадирі Пак Петр 50 мың сом және 250 пұт астықты Отан қорғау қорына жөнелтті. Міне, осындай қажырлы еңбектің арқасында өз ұжымын жоғары табыстарға жеткізген «Қызылту» ұжымшарының төрағасы Қ.Пірімов КСРО Жоғарғы Кеңесіне 3 дүркін депутат болып сайланды.

Қиыр Шығыстан Қазақстанға қоныс аударған көрісұлтының өкілдері қазіргі Жалаңтөс батыр, бұрынғы «Қызылту» аулына қоныстанды. «Қызылту» ұжымшарының көршілер бригадасының звено жетекшісі Петр Пак 1948 жылы 5 гектар күріштің әр гектарынан 80,5 центнерден өнім алып, еңбектегі ерлігі үшін оған 1949 жылы «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

90 жылдық тарихы бар ауылдық кеңес 1991 жылдан бастап «Қарашеңгел» ауылдық округі болып аталды. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 мамырдағы №372 қаулысымен «Қызыл-Ту» совхозына «Жалаңтөс батыр» аты берілді. Ауылдық округтің орталығы «Жалаңтөс батыр» ауылы. Округке қарайтын Жалаңтөс батыр, «Көбек», «Ойынды», «Алтай», «Шитүбек», «Үйрек» елді мекендерінде 1552 адам, 326 отбасы тұрады.

Батыр баба есімімен аталатын ауылда атқарылған игі істер жетерлік. Ауыл тұрғындары бақуатты тұрады. 2010 жылы салынған жаңа типтегі 250 орындық орта мектеп, 90 орындық «Сәуле» бөбекжайбалабақшасы, «Жалаңтөс» дәрігерлік амбулаториясы, ауылдық кітапхана, 150 орындық жаңа ауылдық клуб, №10 су көтеру стансасы, ветеринариялық пункт, «Жалаңтөс батыр» мешіті, “Жалаңтөс батыр” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 6 азық-түлікдүкені, почта байланыс бөлімшесі, автоматтандырылған телефон стансасы (132 телефон нүктесімен) халыққа қызмет көрсетуде, 105 үй интернет желісіне қосылған. Елді мекен сапалы ауыз су, аяқ сумен қамтамасыз етілген. 2022 жылы ауыл тұрғындарының үйлері көгілдір отын құбырына қосылды. Жалаңтөс батыр аулы мен округе қарасты «Үйрек» елді мекені табиғи газбен толық қамтамасыз етілді.

Ауылдық округте шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатындардың саны 74-ке жетті. Шаруақор жандар 1241 бас ірі қараны, 2366 уақ малды, 1577 бас жылқыны, 74 бас түйені бейнетпен бағып өсіріп, тапқан қаражатын тірлігіне жаратып отыр.

Ауылдағы «Жалаңтөс батыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі биылғы жылы 105 гектар күріш, 150 гектар жаңа жоңышқаны егіп, 400 гектар көне жоңышқаны күтіп, одан мол өнім жинады. Сонымен қатар, 800 гектар жерден табиғи шөп дайындап, тұрғындармен көршілес ауылдарды мал азығымен қамтамасыз етуде. Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып отырғанда Қасқырбай Әлімбаев басқаратын осы шаруашылық.

Өткен жылы мемлекетке қайтарылған активтер қаражаты есебінен 210 млн. теңгеге округке қарасты «Шитүбек» елді мекеніндегі 26 үйге орталықтандырылған ауыз су жүйесі жүргізілді. 2025 жылы «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы аясында облыстық бюджеттен 150 млн. теңге бөлініп, Ә.Тілеубаев, Жалаңтөс батыр көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төселді.

2026 жылы аудандық бюджеттен 7 млн. теңге қаржы бөлініп, округке қарасты «Үйрек» елді мекенін аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында шағын сорғы станциясы орнатылып, жерасты аяқ су жүйесі жүргізілді. Демеушілік арқылы 1 млн. теңгеге Жалаңтөс батыр аулы аумағынан өтетін «Алтай» каналына салынған ұзындығы 14 метр көпірге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қорыта айтқанда, даңқты бабамыздың есімімен аталатын ауылда атқарылған игі істерді молынан атауға болады.Біздер - ауыл тұрғындары батыр баба есімін мақтан тұтамыз.

Ш.ҚОЖАНТАЕВ,
«Қарашеңгел» ауылдық округінің әкімі

ЖОБА

«Қазалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №54 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қазалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 54 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 167014 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А. Есмаханов

ПРОЕКТ

«Об утверждении правил расчета норм образования и накопления коммунальных отходов по Казалинскому району»О признании утратившим силу постановление № 54 от 20 апреля 2022 года акимата Казалинского района

В соответствии со статьей 37 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», акимат Казалинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившим силу постановление акимата Казалинского района от 20 апреля 2022 года № 54 «Об утверждении правил расчета норм образования и накопления коммунальных отходов по Казалинскому району» (зарегистрированное под №164146 в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов).

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района А. Есмаханов

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, **бухгалтер** -2-60-94,
факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru **Таралымы 11277 дана.**